

"Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 ақпанда N 1782 тіркелген) толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 47-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 9 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2731. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.07.28 N 237-ө бұйрығымен.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің тәртібін нақтылау мақсатында **бұйырамын:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1782 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 18, 592-құжат), 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 78-ө (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1821 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 21, 619-құжат), 2002 жылғы 23 қазандағы N 246-ө (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2061 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 3, 776-құжат) бұйрықтармен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығына мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесінде:

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде бала тууына байланысты

берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы, жерлеуге берілетін біржолғы жәрдемақы түріндегі табыстар есепке алынбайды." деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілді:

*Қазақстан Республикасы
Статистика жөніндегі*

агенттігінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК